

Бекітемін
ИП «Байғонусова З.Я.»
«АІ - Adіl» бөбекжай-балабақшасы
Менгеруші
Байғонусова З.Я.
«30» 05 2025 ж.

Педагогикалық кеңестің № 2 хаттамасы

Тақырыбы:

« 2024-2025 оқу жылына МДҰ негізгі міндеттері бойынша
жұмыстарын қорытындылау »

Әдіскер: Құлқаева Е.П.

2024-2025 оқу жылы

Педагогикалық кеңес отырысының
№2 хаттамасы

Өткізілген күні: 30.05.2025ж.

Қатысқандар: Балабақша меңгерушісі : Байгонусова З.Я.

Әдіскер: Құлқаева Е.П.
Тәрбиешілер

« 2024-2025 оқу жылына МДҰ негізгі міндеттері бойынша жұмыстарын
қорытындылау »

Күн тәртібінде:

1. Алғы сөз. №4 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалу барысын туралы. Меңгеруші: Байгонусова З.Я.
2. 2024 - 2025 оқу жылындағы жылдық жоспары бойынша жиынтық есеп. Мониторинг
Әдіскер: Құлқаева Е.П.
3. Педагогтардың жұмыстарының қорытынды есептері
4. Жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру жоспарымен таныстыру.
Әдіскер : Құлқаева Е.П.
5. Баяндама « Серуенді ұйымдастыру » Жумагелдиева А.

Тындалды:

I. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақшамыздың меңгерушісі Байгонусова З.Я. сөз сөйледі: №5 педагогикалық кеңесті ашық деп жариялап өзекті мәселелерге тоқталды.

Балабақша бойынша оқу жылындағы оқу-тәрбиелеу жұмыстарын бағалаудағы жас ерекшелік көрсеткіштері

Педагогтар барлық оқу іс - әрекеттерде бекітілген жоспар бойынша жүйелі жұмыстар жасады. Балалардың шығармашылық қабілеттерін шыңдау мақсатында сурет салу байқауы секілді әр түрлі іс-шаралар өткізілді.

Бала біздің болашағымыз - балалардың тәрбиесі баршаға ортақ. Тәрбиешілер мен ата-аналар ауызбіршілікте тығыз байланыста болғандықтан, атқарылған жұмыстар жүйелі және жемісті болуда.

II. Екінші мәселе бойынша әдіскер сөйледі.

Балалардың үлгерімі жайлы айтар болсам, балабақша бойынша осы оқу жылындағы оқыту-тәрбиелеу жұмыстарын бағалаудағы жас ерекшелік индикатор көрсеткіштерінің мониторинг қорытындысы жасалынды. Жалпы балалардың біліктіліктері мен дағдыларының дамуын қорытынды бақылау нәтижелері бойынша жиынтық есеп шығарылды.

III. Педагог мамандар жұмыстарына слайд жасап, қорытынды есептер берді. Әр топ тәрбиешілері жас ерекшеліктері негізінде жүктемеге сәйкес жоспарланған оқыту - тәрбиелеу іс-шараларының орындалу барысына нақты тоқталып, қорытынды есептерін баяндады.

IV. Жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру, жоспарымен балабақша әдіскері таныстырып өтті.

Жазғы кезеңдегі мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін реттейтін құжаттар:

- жазғы сауықтыру кезеңіндегі күн тәртібі;
- жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспары;

Мектепке дейінгі ұйымның жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмысының негізгі мақсаты - сауықтыру жұмысын ұйымдастыру және балалардың танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін неғұрлым тиімді жағдайлар жасау.

Мектепке дейінгі ұйымда білім беру процесіне қатысушылардың барлығын қамтитын жазғы сауықтыру жұмысын сауатты ұйымдастыру балалардың физикалық және психологиялық денсаулығын нығайтуға, олардың танымдық қызығушылықтарын дамытуға, сондай-ақ ата-аналарға қажетті кеңес беруге, әдістемелік көмек ұсынуға мүмкіндіктер береді.

V. Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша тәрбиеші “Жазғы серуенді ұйымдастыру” тақырыбында баяндама оқыды.

Серуен – мектепке дейінгі мекемеде бала әрекетін ұйымдастырудағы режимдік сәттердің негізгі бөлігінің бірі. Серуеннің мақсаты – бала денсаулығын нығайту, шаршаудың алдын-алу, денесін шынықтыру, түрлі әрекеттер нәтижесінде организмде болған функционалдық өзгерістерді реттеп, қалыпқа келтіру.

Серуеннің міндеті:

- Қарапайым жағдайда организмді шынықтыру;
- Мектеп жасына дейінгі баланың физикалық даму деңгейін арттыру;
- Баланың қимыл белсенділігін арттыру;
- Баланың танымдық, көркем-эстетикалық, әлеуметтік-тұлғалық дамуына ықпал ету.

Серуенді дұрыс ұйымдастыру: бала денсаулығын нығайту, балалардың қимыл-қозғалыс дағдыларын қалыптастыру, киімі ыңғайлы болуы, жыл мезгіліне сай киінуі дұрыс жолға қойылғанда ғана баланың салауатты өмір салтының қалыптасуына мүмкіндік береді.

Серуен түрлері (өтілу орнына қарай):

1. Балабақша аумағында;
2. Мектепке дейінгі мекеменің территориясынан аулаққа жаяу серуен (ересек топтар 2 километрге дейін)

Балалар киіміне қойылатын талаптар:

- Баланың киімі жыл мезгіліне сай және баланың ыстықтап немесе тоңуына жол бермейтіндей, ауа-райына сәйкес болуы керек;
- Температура +3 тен — 3°C аралығында болған жағдайда баланың киімі (іш киімді қосқанда) 3 қабаттан тұруы қажет. Сырт киім жылы күртеше, шалбар немесе гамаж; аяқтарында жылы бөтеңке;
- Температура — 4 пен — 10°C аралығында болған жағдайда балаларға қысқы қалың күртеше мен 3 қабатты киім болуы шарт.
- Температура одан төмен болған жағдайда киім қабаттарын 4-5-ке дейін, киім жылылығына қарай көбейту қажет.

Жазғы маусымда күн тимеу үшін жазғы жеңіл күнқағар бас киім қажет.

Серуеннің мазмұны:

1. Бақылау;
2. Еңбекке баулу;
3. Қимыл белсенділігін арттыру: қимылдық, спорттық ойындар мен жаттығулар;

4. Баламен жеке жұмыстар
5. Балалардың өз бетінше әрекеті.

Серуен кезінде дене шынықтыру жаттығуларын жасау және қимыл-қозғалыс ойындары баланың эмоционалды жағдайына және денсаулығына көп көмегін тигізеді.


Қысқы мезгілде серуен күніне 2 рет ұйымдастырылады. Ауа температурасының -15 градусқа дейін төмендеуі және желді күндері серуен уақыты қысқартылуы мүмкін.

Бала денсаулығын және өмірін сақтау мақсатында жұмыс уақыты басталғаннан тәрбиеші және тәрбиеші көмекшісі ойын алаңын тексерген жөн. Сынған шөлмек, тастардан үнемі тазартып отыру керек. Серуенге шығар алдында тәрбиеші көмекшісі ойын алаңын дайындау қажет. Тәрбиеші серуеннің қызықты өтуіне алдын-ала (серуеннің жүрісін, ойын құралдарын) дайындауы тиіс.

Менгеруші:

Әдіскер:

Хатшы:



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ
ІЛЕ АУДАНЫ
БАЙКЕНТ АУЫЛЫ
ЖК «Байгонусова З.Я.» «Al-Adil»
бөбекжай - балабақшасы



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
АЛМАТИНСКАЯ ОБЛАСТЬ
ИЛИЙСКИЙ РАЙОН
СЕЛО БАЙКЕНТ
ИП «Байгонусова З.Я.»
Ясли сад «Al-Adil»

№2 Педагогикалық кеңесте
қабылданды
«30» 05 2025 жыл

Бекітілді
БҰЙРЫҚ № 2

№2 Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. №2 педагогикалық кеңес отырысы шешімдерінің орындалуы жоғары деңгейде деп танылсын.
2. Мониторинг нәтижесі бойынша төмен деңгейдегі балалармен жұмыстар жүргізілсін. Жауапты: әдіскер, тәрбиеші.
3. Барлық педагогтар жұмыстың қортынды есебі құжаттарын толықтай әдіскерге өткізсін.
4. Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарлары бекітіліп, педагогтарға берілсін.
5. Жазғы серуенді қызықты және қауіпсіз ұйымдастыруды жоспарлау.

Менгеруші



Байгонусова З.Я.